
	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-2.13-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-7

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ  
ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

Алматы  
2024 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-2.13-2023 30.11.2023
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-7

### АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми-редакциялық бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы №4 хаттама № 2 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** №1баспаның орнына 28.11.2023 ж.
- 4.МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

## Мазмұны

1. Қолдану саласы .....
2. Нормативтік сілтемелер.....
3. Терминдер мен анықтамалар.....
4. Мақсаттар, міндеттер .....
5. Ұйымдастыру және өткізу .....
6. Олимпиаданы өткізу шарттары .....
7. Қорытынды шығару, олимпиадаға қатысушыларды марапаттау.....
8. Өзгерістер енгізу тәртібі.....
- 9.Танысу парағы.....

**БЕКІТІЛДІ**  
**Темірбек Жүргенов атындағы**  
**ҚазҰОА**  
**Ғылыми кеңесінің шешімімен**  
**Хаттама № 4**  
**30 қараша 2023 жыл**



**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ ОҚУ  
ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК  
ОЛИМПИАДА ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

**1. Қолдану саласы**

1. Мәдениет және өнер жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған республикалық пәндік олимпиада жыл сайын Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА-да өткізіледі.
2. Болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған республикалық олимпиада (бұдан әрі - олимпиада) талантты студент жастарды қолдау факторларының бірі болып табылады.
3. Олимпиада белгілі бір критерийлер бойынша сапаны кейіннен бағалай отырып, нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін күндізгі жарыс болып табылады. Конкурстар алдын ала бекітілген кесте бойынша өткізіледі және жеңімпаздарды марапаттау рәсімімен аяқталады.
4. Олимпиадаға қатысушылар кәсіби шеберліктерін көрсетіп, шығармашылық және жоғары мәдениет көрсетуі керек, кәсіби дағдыларды игеруі керек, заманауи технологияларды практикада қолдана білуі керек.

**2. Нормативтік сілтемелер**

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер гйдаланылған:

5. 27.07.2007 ж. №319 - III "Білім туралы" ҚР Заңы;
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
7. "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің №292 2016 жылғы 13 мамырдағы қаулысымен бекітілген.

8. ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы №198 бұйрығымен.;
9. Осы Ереже "Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға" сәйкес әзірленді.
10. Устав ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ.

### **3. Терминдер мен анықтамалар**

ҚР БҒМ-ҚР Білім және ғылым министрлігі

ҚР МСМ - ҚР Мәдениет және спорт министрлігі

ҚазҰӨА - Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

Пәндік Олимпиада-катысушылардан бір немесе бірнеше оқытылатын пәндер саласында білім мен дағдыларды көрсетуді талап ететін жалпы орта, жоғары немесе кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының сайысы..

### **4. Мақсаттар мен міндеттер**

Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) студенттердің оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру;
- 2) студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзіндік сана-сезімін, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі таныту және өзін-өзі растау үшін жағдай жасау;
- 3) зияткерлік даму үшін жағдай жасау.

### **5. Ұйымдастыру және өткізу**

14. Олимпиада кезең-кезеңмен өткізіледі:

- I кезең-жоғары білім беру мекемелеріндегі олимпиада (ЖОО ішіндегі);
- II кезең – Т. Жүргенов ҚазҰӨА-дағы республикалық олимпиада;

15. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА ректоры бекіткен ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

### **6. Олимпиаданы өткізу шарттары**

16. Кафедралар өткізетін I кезеңнің (ЖОО ішіндегі) өткізу мерзімі ЖОО ректорының бұйрығымен I қазаннан I қаңтарға дейін, II кезеңді (базалық ЖОО-ларда) ағымдағы жылдың 22 ақпанынан 22 сәуіріне дейін айқындалады. Т. Жүргенов ҚазҰӨА-да Ректордың бұйрығымен конкурс комиссиясының құрамы бекітіледі, олимпиаданы өткізудің нақты мерзімі анықталады және бекітіледі.

17. Даярлық бейіні бойынша Олимпиада конкурстық тапсырмаларды орындауды, шығармашылық, практикалық және кәсіби бағыттарды қамтиды.

18. Олимпиаданы өткізуге негізделген шығармашылық және кәсіби жарыстар

негізінен пәндік сипатта болуы керек және дайындықтың негізгі деңгейін бағалауға арналған.

19. Конкурстық тапсырмалардың мазмұны мен күрделілігі Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдары сәйкес келуі тиіс.

20. Олимпиадаға ЖОО ішіндегі олимпиадалардың жеңімпаздары қатыса алады.

21. Бірінші кезеңнен өткен студенттер екінші кезеңге қатысу үшін базалық ЖОО-ға мынадай құжаттарды жолдайды:

олимпиаданың бірінші кезеңінің қорытындысы туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі, ол хаттамамен ресімделеді.

22. Олимпиадаға келген қатысушылар қабылдаушы кафедрада тіркеуден өтуге міндетті.

23. Әрбір қатысушы олимпиаданы өткізу алдында қабылдаушы ұйымда қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтуі тиіс.

24. Олимпиада шарттары сақталмаған, жұмысты орындау технологиясы, Еңбек қауіпсіздігі ережелері өрескел бұзылған жағдайда қатысушы қазылар алқасының шешімі бойынша тапсырманы одан әрі орындаудан шеттетіледі.

25. Олимпиадаға қатысушылардың қауіпсіз еңбек жағдайларын, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін сақтауын Бақылау Республикалық олимпиада өткізілетін жердегі жоғары білім беру оқу орнының әкімшілігіне жүктеледі..

#### **7. Қорытынды шығару, олимпиадаға қатысушыларды марапаттау**

26. Мамандықтар бойынша Республикалық олимпиаданың қорытындыларын Т. Жүргенов ат. ҚазҰОА ректоры бекіткен құрамында төраға мен комиссия мүшелері бар, конкурстық комиссия шығарады.

27. Конкурс комиссиясы мүшелерінің құрамына (қазылар алқасы) Қазақстан Республикасының Мәдениет және өнер қайраткерлері, қоғам қайраткерлері, ғалымдары кіреді..

28. Жұмыстар кафедралармен бекітілген критерийлер бойынша бағаланады.


29. Республикалық олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері орындалған конкурстық жұмыстар үшін үздік көрсеткіштер (баллдар) сомасы бойынша айқындалады. Әрбір ұсынылған конкурстық жұмысты қазылар алқасы бағалайды және ведоместе тіркеледі. Барлық ұсынылған жұмыстарды қарағаннан кейін қазылар алқасы ұпайларды есептейді және олимпиада жеңімпаздарына 1, 2 және 3 орындар беріледі, олар дипломдармен марапатталады.

30. Олимпиаданың қорытындылары комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді, онда конкурстық комиссия Қазақстан Республикасы Білім министрлігіне жүлдегерлерді марапаттауға ұсынады.

#### **8. Өзгерістер енгізу тәртібі**

31. Ережеге өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі. Бұл ереже жаңасына ауыстырылғанға дейін жарамды.

Ғылыми-редакциялық бөлімінің басшысы



Рамаданова Ж. Д.

